

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫН АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КӨКТЕМГІ ЕКІ АЙЛЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 16) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тараз қаласы аумағын абаттандыру және санитарлық тазалау жөніндегі көктемгі екі айлық 2026 жылдың 14 наурызынан 16 мамырына дейін жариялансын.

2. Тараз қаласы аумағын абаттандыру және санитарлық тазалау жөніндегі қалалық штабтың құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Тараз қаласы аумағын абаттандыру

және санитарлық тазалау жөніндегі күзгі екі айлықтың іс-шаралар жоспары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Тараз қаласы аумағын абаттандыру және санитарлық тазалау жөніндегі көктемгі екі айлықты ұйымдастыруға мекемелер, кәсіпорындар мен жеке және заңды тұлғаларға бекітілген көшелердің тізімі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қала әкімінің міндетін атқарушы **Н. ИСАБЕКОВ**

ҚҰРМЕТТІ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2026 жылдың 14 наурызынан бастап Тараз қаласы аумағын абаттандыру және санитарлық тазалау жөніндегі көктемгі екі айлық жарияланды.

Меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындар, ұйымдардың еңбек ұжымдарын, көпқабатты, сондай-ақ жеке тұрғын үй секторындағы барлық қала тұрғындарын қаланың санитарлық тазалау жұмыстарына белсене қатысуын сұраймыз.

Тараз қаласының әкімдігі

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ТАРАЗ!

С 14 марта 2026 года объявлен 2-х месячник по благоустройству и санитарной очистке города Тараза.

Призываем всех горожан, проживающих, как в многоквартирных домах, так и в частных домовладениях, принять самое активное участие в санитарной очистке города.

Только вместе мы сможем сделать наш город чистым, уютным и красивым!

Акимат города Тараза

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазфосфат» ЖШС ТФ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, 2026 жылғы 28 сәуір сағат 10:00-де Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Е.Ниетқалиев көшесі, №128 мекенжайындағы зауыт әкімшілігінде (мәжіліс залы) және 2026 жылғы 28 сәуір сағат 15:00-де Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу-Еңбек ауылы әкімдігінің ғимаратында «Қазфосфат» ЖШС ТФ кешенді экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде <https://ndbecology.gov.kz> сайтына, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың «Qosyl» қосымшасындағы белсенді сілтемесі:

Кездесу уақыты: 28.04.2026, 10:00. Кездесу идентификаторы: 994-235-062-168. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=994235062168>.

Кездесу уақыты: 28.04.2026, 15:00. Кездесу идентификаторы: 989-177-193-113. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=989177193113>.

Қосымша ақпаратты есоро-1@mail.ru мекенжай бойынша және + 7 (702) 557 40 58 телефоны бойынша алуға болады.

Жобаның бастамашысы: «Қазфосфат» ЖШС ТФ, БСН: 001241006261, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Е.Ниетқалиев көшесі, №128.

тел: 8 (701) 956 6168.

Жобаны әзірлеуші: «Еко Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе к., көш. И.Тургенев көшесі, 3 «В», тел: + 7 (702) 557 40 58.

Әсер ету аймағы: Тараз қаласы.

Учаскелің географиялық координаты: Минералды тыңайтқыштар зауыты 42°92'58,52" с. б. 71°31'92,45" ш. е.

Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Тараз қаласы 42°89'96,64" с.б. 71°39'27,27" ш. е.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТФ ТОО «Казфосфат», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 час 00 мин. 28 апреля 2026 года по адресу Жамбылская область, г. Тараз, ул. Ниетқалиева 128, Заводоуправление (Актовый зал) и в 15 час 00 мин. 28 апреля 2026 года по адресу Жамбылская область, Жамбылский район, Ақбастауский с.о., с. Бірлесу Еңбек в здании акимата состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектам «Проектные материалы по КЭР для ТФ ТОО «Казфосфат» минеральные удобрения».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайт <https://ndbecology.gov.kz>, а также s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний подключиться к встрече в Qosyl:

Время встречи: 28.04.2026 10:00. Идентификатор встречи: 994-235-062-168. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=994235062168>.

Время встречи: 28.04.2026 15:00. Идентификатор встречи: 989-177-193-113. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=989177193113>.

Дополнительную информацию можно получить по адресу есоро-1@mail.ru и по телефонам + 7 (702) 557 40 58.

Оператор намечаемой деятельности: ТФ ТОО «Казфосфат», БИН: 001241006261, Жамбылская область, г. Тараз, улица Ниетқалиева 128.

тел: 8 (701) 956 6168.

Разработчик проекта: ТОО «Еко Project Company», БИН: 200540023731, г. Ақтөбе, ул. Тургенев 3В, тел: + 7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: Жамбылская область, г. Тараз.

Географические координаты участка: Завод минеральных удобрений 42°92'58,52" с. ш. 71°31'92,45" в. д.

Географические координаты территории воздействия: г. Тараз 42°89'96,64" с.ш. 71°39'27,27" в. д.

► ОЙСАЛАР

Бүгінде қоғамды әлеуметтік желісіз елестету мүмкін емес. Таңертең көздерін тырнап ашқаннан бастап телефон экранына үңіліп, желіні бір шолып шықпай, төсегінен тұрмайтын адамдар да бар. Біреу таңғы кофесінің суретін жарияласа, енді бірі жұмысындағы жетістігін бөліседі, үшіншісі өмірінің ең бақытты сәттерін көрсетеді. Осылайша виртуалды кеңістікте мыңдаған адамның «өмірі» қатар өрбіп жатады. Алайда әлеуметтік желідегі бұл көрініс шынайы өмір бейнесі ме? Бұл сұрақ – соңғы жылдары әлеуметтанушылар мен психологтарды толғандырып жүрген маңызды тақырыптың бірі.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ӘЛЕГІ

Виртуалды әлем мен шынайы өмірді шатастырмайық

Қазақстанда әлеуметтік желілердің аудиториясы жылдан жылға өсіп келеді. Сарапшылардың деректеріне сүйенсек, ел тұрғындарының басым бөлігі интернетті күнделікті қолданады, ал олардың едәуір бөлігі ақпаратты әлеуметтік желілер арқылы алады. Әсіресе, Instagram мен TikTok қазақстандық аудитория арасында кең таралған. Бұл платформаларда миллиондаған қолданушы күн сайын фото, видео және жеке пікірлерін жариялап отырады.

Соңғы жылдары Қазақстанда блогерлердің ықпалы айтарлықтай артты. Әлеуметтік желілерде миллиондаған жазылушысы бар контент жасаушылар қоғамдық пікірге әсер ететін тұлғаларға айналды. Блогерлер аудиторияға өмірінің қызықты сәттерін, табысты жобаларын, саяхаттарын көрсетеді. Мұндай контент көбіне көрерменге шабыт сыйлағанымен, кей жағдайда идеал өмір бейнесін қалыптастырады. Медиа саласының сарапшылары бұл құбылысты «виртуалды витрина» деп атайды. Яғни, әлеуметтік желіде адамның өмірінің тек ең жарқын бөлігі ғана көрсетіледі. Ал күнделікті өмірдегі қиындықтар, күйзеліс немесе шаршау сияқты сәттер көп жағдайда кадр сыртында қалады.

Әлеуметтік желілердің қоғамға әсері тек ақпараттық емес, психологиялық деңгейде де байқалады. Психологтардың пікірінше, әлеуметтік желілерде адамдар көбіне өз өмірін басқалардың өмірімен салыстыруға бейім болады. Әсіресе, жастар арасында бұл құбылыс жиі кездеседі. Желідегі әдемі суреттер мен «мінсіз өмір» көріністері кейбір адамдардың өз өміріне деген өкпе-реніштің пайда болуына алып келеді. Психологтар мұны әлеуметтік салыстыру феномені деп атайды. Яғни, адам өз өмірінің шынайы жағдайын басқалардың өңделген, таңдалған өмірімен салыстырады.

Сарапшылар соңғы жылдары тағы бір маңызды мәселеге назар аударып отыр. Бұл –

цифрлық тәуелділік. Кейбір адамдар күніне бірнеше сағат уақытын әлеуметтік желілерде өткізеді. Телефонсыз бір сәтке де шыдай алмайтын жағдайлар да кездеседі. Мамандардың айтуынша, бұл құбылыс адамның көңіл күйіне, жұмыс өнімділігіне және қарым-қатынасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан психологтар цифрлық гигиена ұғымын қолдануды ұсынады. Бұл – әлеуметтік желілерді саналы әрі шектеулі пайдалану мәдениеті.

Әлеуметтік желілер қаншалықты дамығанымен, адамның шынайы өміріндегі қарым-қатынастың орнын алмастыра алмайды. Отбасымен бірге өткізілген уақыт, достармен жүзбе-жүз әңгімелесу, табиғатта серуендеу немесе ортақ естеліктер адамның эмоционалды саулығына ерекше әсер етеді. Шынайы өмірде адамның эмоциясы, сезімі және тәжірибесі толық көрініс табады. Ал әлеуметтік желі көбіне сол өмірдің тек шағын бөлігін ғана көрсетеді.

Әлеуметтік желілер – қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі. Олар ақпарат алмасуды жеңілдетіп, адамдар арасындағы байланыс мүмкіндігін кеңейтті. Алайда виртуалды әлем мен шынайы өмірдің айырмашылығын түсіну маңызды. Әлеуметтік желілерде көрсетілетін өмір – көбіне адамның өзі таңдаған бейне ғана. Ал шынайы өмір әлдеқайда күрделі, эмоцияларға толы әрі тәжірибеге бай. Сондықтан цифрлық дәуірде өмір сүріп жатқан қоғам үшін басты міндет – технологияны пайдалана отырып, шынайы өмірдің құндылығын жоғалтпау. Өйткені адам өмірінің ең маңызды сәттері экран артында емес, шынайы өмірде қалыптасады.

Ақтоты МУКАШЕВА,
М.Х.Дулати атындағы
Тараз университеті
«Конвергентті журналистика»
мамандығының
4-курс студенті

Открылось наследство после смерти Малец Светланы Михайловны, умершей 12 августа 2025 года.

Наследников просим обращаться по вопросам оформления наследственных прав в течение одного месяца к нотариусу К.С.Сейткерееву в нотариальную контору по адресу: г.Тараз, ул.Колбасшы Койгельды 160а

Телефон: 87771171548